



Т

Ғылым болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



№9 (1851) Жұма, 7-наурыз 2025 жыл / Республикалық қоғамдық-саяси газеті

ӨНІРДІ ДАМУ ТАЛДЫҚОРҒАНДА ЖАҢА ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Ұсақтау шарларын өндіретін кәсіпорын 2028 жылы Талдықорғанда жұмысын бастайды деп жоспарлануда. Оның өндірістік қуаттылығы жылына 150 мың тонна өнімді құрайды.



Астанада KAZ Minerals Тобы мен чилилік ME Electrometal компаниясы арасында оффтейк-келісімшартқа қол қойылды.

Жобаға тартылатын инвестиция құны шамамен 85 млн АҚШ долларын құрайды. Бастама өз кезегінде 100 жаңа жұмыс орнын ашып, өнімді өндірістік әлеуетін дамытуға қомақты үлес қосады және мемлекеттік бюджетке түсетін түсімді арттырады деп күтілуде.

Тау-кен өнеркәсібінде ұсақтаушы шарларды шығару ісінің маңызы жоғары. KAZ Minerals Тобы жыл сайын аталған өнімнің 70 мың тоннасын пайдалану үшін шамамен 100 млн доллар жұмсайды. Қазақстанда мұндай сападағы шарлардың болмауы себепті компания ұсақтаушы шарлар өндірісінің әлемдік көшбасшысы – ME Electrometal өнімін тұтынады.

«KAZ Minerals Management» ЖШС Басқарма төрағасы Эльдар Мамедов ME Electrometal компаниясымен әріптестік жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынына тоқталды.

— KAZ Minerals Тобы әрқашан ел басшылығының индустриялық саясатына сәйкес келетін өндірістік циклдің барынша тиімділігіне бағытталған үздік шешімдерді енгізуге ұмтылады. Сапалы ұсақтау шарларын пайдалану тау-кен байыту кешендерінің өнімділігіне әсер ететін негізгі фактор. 2023 жылы біз әртүрлі жеткізушілердің өнім үлгілерін олардың сипаттамаларын бұрын қолданылған материалдармен салыстыра отырып, ауқымды сынақтан өткіздік. Бағалаудың негізгі критерийлері шарларды тұтыну, ұнтақталған кеннің бір тоннасына энергия тұтыну, шарлардың бөлінуіне байланысты. Өндіріс аялдамаларын азайту және, әрине, металл өндіруді арттыру болды. ME Electrometal өнімі барлық көрсеткіштер бойынша үздік нәтиже берді, — дейді төраға.

Эльдар Мамедовтің айтуынша, оффтейк-келісімшартты бекіту — жай ғана іскерлік келісім емес, Қазақстанның тау-кен өндірісін дамыту және оның әлемдік нарықтағы бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағытталған стратегиялық әріптестік болып саналады. Зауыт құрылысы сапалы өнімге сұранысты қанағаттандырудан бөлек, жергілікті өндірісті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және жаңа технологияларды іске қосуға мүмкіндік береді.

KAZ Minerals — Қазақстандағы заманауи, ірі ауқымды, аз шығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Топ операциялық іс-қызметін Абай облысында орналасқан Ақтоғай мыс кенішінде, Орлов кеніші мен фабрикасында және Павлодар облысындағы Бозшақөл кенішінде, Шығыс Қазақстан облысындағы екі кеніш пен кен байыту фабрикасында, Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді.

Дереккөз: kaz.inform.kz



Құттықтау!

Құрметті аналар, сүйікті әнке-қарындасстар, аяулы арулар!

Сіздерді жер-дүниені шуағына бөлеп, тыныс-тіршілігімізге нәр берген көктемнің шуғылалы мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіз еліміздегі бейбіт тірліктің, мызғымас бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да Әйел-аналар қауымы! Нәзік жандардың аялы алақаны, нұрлы жүзі, жан шуағы әрбір отбасын ғана емес, бүкіл ғаламды ортақ адамзаттық биік мақсаттарға ұмтылдырып, бейбіт те берекелі ғұмыр кешуге үндеп келеді.

Қазіргі таңда, талды қаламызда әр салада қажырлы еңбек етіп, ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің шыңына көтерілген, мемлекетіміздің саяси-экономикалық және әлеуметтік дамуы мен өркендеуінде, билік пен бизнесте парасаты мен пайымын, біліктілігін, танымы мен талғамын аямай еңбектеніп жүрген әйел қауымы аз емес.

Құрметті нәзік жандар!

Көктем – гүлімен, отбасы – ана нұрымен көркем. Көркем көктеммен ілесіп келген мерекеде сіздерге ізгілік, отбасыларыңызға бақ-береке, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін!

Ернат БӨЗІЛ,
Талдықорған қаласының әкімі

ӘЛЕМНІҢ МӘНІ – ӘЙЕЛДЕ

...ӘУЕЛГІ БОЛМЫС, НӘЗІК ҚАЛПЫНАН АЖЫРАМАСЫН

Көктем - нәзіктік! Бұл сұлулыққа тұнған ғажайып әлем әйел-аналардың мейіріміне, қыз-келіншектердің биязы болмысына ұқсайды. Егіз ұғым дерсіз. Кез келген ару тіршіліктің терең тамыры, отбасының шамшырағы, жарық жұлдызы. Сөзсіз. Әлемнің қуатты күші һәм ең сезімтал тұсы да біздердің шексіз сүйіспеншілігімізде. Сұлулық пен жылулыққа тұнған мереке қарсаңында иманы мен әдебі үйлескен, қарапайым ғана әлемі бар Наргиз Шадиева жайлы айтуды жөн санадық. Ол жанұяның да, жұмыстың да бабын бір мезетте дөңгелетіп, білім, үздіксіз даму, сауатты тұлға болып қалыптасуда да шет қалмауда. Оның ұстанымы: «Қыздары мықты болмай, қоғам мықты болмайды. Қыздары парасатты, анасы ақылды болмаса, қоғам әлсірейді».

— Өкем - тәжік, анам - қазақ. Өкем өмірден өткен соң нағашы ата-әжемнен қазақы тәрбие алдым, қазақша оқыдым, сондықтан өзімді нағыз қазақпын деп санаймын. 19 жасымда тұрмысқа шықтым. Бүгінде төрт баланың ата-анасымыз, яғни, 27 жасымда көпбалалы анамын. Құдайдың берері таусылмасын. Әу бастан ата-енемізбен үлкен отбасы болып тұрамыз. Шаңыраққа жас келін боп енгеннен кейін ене мектебінен өтіп, көп дүниені үйрендім, әлі де аларым мол. Белгілі бір жетістікке жетіп, сүйікті ісіммен алаңдамай айналысып жүргенім отбасымыздың қолдауының арқасында. Әлбетте жалғыз өзің барлығына үлгеру мүмкін емес. Осы орайда мейлінше түсіністік танытып, демеу болып жүрген жанұяма алғысым шексіз. Алғашқы жылдары декреттік демалыста үйде отырғандықтан кәсіпке де, жұмысқа да уақытым тығыз болды. Жылдар өте келе барлығын қолға алып, өзімді дамытуға жан-жақты көңіл бөле бастадым. Менің позициям әйел адам үнемі ізденісте жүріп, қашанда өзін толықтырып отыруы қажет. Бойындағы қабілеттерін ашу керек. Себебі, біз бір ғана перзентті емес тұтас ұлтты тәрбиелейміз. Қыз баланың тұлғалық дамуы — оның өмірдегі өз орнын табуына, өз-өзіне сенімді болуына және қоғамда маңызды рөл атқаруына апаратын жол. Бұл даму үдерісі тек білім алумен ғана емес, ішкі және сыртқы қасиеттерді жетілдірумен байланысты. Қоғамға пайдалы болсам екен дейтін мақсатым болатын. Осы орайда қыз-келіншектерге арналған орта құрдым. Онда рухани даму, дене саулығы, дұрыс тамақтану және белсенді өмір салтын ұстану, өзіне күтім жасау сынды түрлі тақырыптар қамтылып, арт-терапия және психологиялық ойындар ойнатылады. Жалпы, әйелдің өміріндегі ең маңызды құндылықтардың бірі — ішкі және сыртқы әлемімен өзара үйлесімділікте өмір сүру. Бұл тек физикалық денсаулық пен сұлулыққа



ғана емес, рухани тыныштыққа, эмоционалды тепе-теңдікке және өзін-өзі бағалауға да байланысты. Әйел үшін кәсіби жетістікпен қатар сүйікті ісімен айналысу да маңызды. Өзін дамыту, жаңа нәрселер үйрену және шығармашылықпен айналысу адамға шабыт береді. Қазіргі ғасыр энергияға байланған. Тек жүйелі тұрмыс салтынан өзге де дүниелер болсын деген ниет болған болатын. Арулардың пікірлеріне, өмірлеріндегі өзгерістерге қарасам дұрыс жолда келе жатқандаймын.

Көктем — адамдарға жылулық, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтыны белгілі. Ал, осы мезгілмен қатар келетін халықаралық әйелдер күні, яғни, біздердің төл мерекеміз бұл кереметті тіптен арттыра түсетіндей. Біз үшін әр күн мереке ғой. Белгілі бір ұстанатын қағида жоқ. Дегенмен мейрам ескерусіз қалмайды. Барынша жайлы атмосферада жанұямызбен атап өтеміз. Сырласып, уақытты мәнді де мағыналы өткізуге тырысамыз. Осы орайда барша ақ жаулықты әжелерге, әлемнің жарығын сыйлаған аналарға, аруларға әйел бақытын, жағымды эмоциялар, шексіз бақыт және зор денсаулық тілеймін. Әр күндеріңіз күлкіге, махаббатқа, қамқорлық пен қуанышқа толы болсын. Әйелдер қауымы қандай жағдайға да қарамастан әуелгі бітім-болмысын, нәзік қалпын сақтап қалса екен. Әрдайым өзінің ішкі әлемімен, тұтас сыртқы дүниемен өзара гармонияда болсын дегім келеді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА



БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ



Талдықорған қаласындағы Достық үйінде республикалық форум аясында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай ескерткіш тақта орнатылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Бейбіт Исабаев, облыстық ҚХА мүшелері, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, депутаттық топ мүшелері мен жастар қатысты. Жетісуда тарихы ортақ, тағдыры бір 70-тен астам ұлт пен ұлыс бар және 21 этномәдени бірлестік жұмыс істейді.

– Осы ретте біздің өңіріміз үшін маңызды естелікті келтіре кетсем. Талдықорған қаласында 1991 жылы алғаш рет Жетісу халқының жиналысы өтіп, онда «ұлттық мәдени орталықтар қауымдастығы» құрылды. Еліміздегі алғашқы Достық үйі де Талдықорғанда ашылды, – дей келе, Бейбіт Исабаев облыстық Ассамблея ардагерлеріне бейбітшілік пен келісімді нығайтуға қосқан үлесі үшін алғыс білдіріп, марапаттау рәсімін өткізді.



Жетісу жеріндегі туризмді дамыту су, экология және тау туризмдеріне арқа сүйейді, яғни 5 дестинацияға негізделген. Атап айтқанда, олар – Алакөл, Балқаш көлдері, «Жоңғар Алатауы» мен «Алтынемел» Ұлттық парктері және тау туризмі. Инфрақұрылымды дамыту бағытында қабылданған шаралардың арқасында өткен жылы өңірдің туристік нысандарына 2 миллионнан астам адам келді, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11%-ға артық. Ал өңірдің туризм саласына тартылған инвестициялар көлемі шамамен 12 млрд. теңгеге жетті.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, өңірде туризмді дамыту мақсатында туристік объектілерге апаратын жолдар мен инженерлік инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Мәселен, бірінші кезекте Алакөл көліне көлікпен жетуге қолайлы жағдай жасалған. Атап айтқанда, «Талдықорған – Үшарал» (313,5 км) және «Үшарал – Достық» (184 км) автомобиль жолдары, сондай-ақ әуежайдың ұшу-қону жолағы қайта жаңартылды. Осы орайда пойыздар саны 12-ге дейін ұлғайтылды. Осылайша көлге Астана, Алматы, Өскемен, Семей және Қызылорда қалаларының пойыздары, сондай-ақ «Астана – Достық» бағыты бойынша «Тальго» пойызы қатынайды. 2025-2027 жылдары жоғары вольтты электр беру желілерін, кәріз тазарту құрылыстарын салу және жағалауды нығайту арқылы Алакөл жағалауының инфрақұрылымын дамыту жалғасады. Сонымен қатар электр энергиясының жетіспеушілігі мәселесі де шешілуде.

Шағын авиация мен су көлігінің қызметін реттеу мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Алакөл мен Балқаш көлдерінде су көлігін тұраққа қою мен пайдаланудың, сондай-ақ ұшу аппараттарын қолданудың қағидаларын белгілейтін нормативтік акт әзірленді.

Өңірде туризмді дамытуда Балқаш көлінің маңызы зор. Көлге апаратын жолды жөндеу жұмыстары сәуір айында басталып, мамыр айында, яғни, шомылу маусымы басталғанға дейін аяқталады. Сонымен қатар өткен жылдан бастап Лепсі станциясынан Балқашқа дейін электр беру және сумен жабдықтау желілері тартылуда, биыл аяқтау жоспарланған. Ал мұнан кейін көл жағасында 16 шақырымдық рекреациялық аймақты жайғастыру жұмыстары басталады деп межеленіп отыр.

«Алтынемел», «Жоңғар Алатауы» ұлттық парктерінің және Жоңғар Алатауы тау алабының әлеуетін ескере отырып, өңірде экологиялық туризм белсенді дамытылуда.

Жыл сайын өңірде «Сиверс алма ағашының гүлденуі», «Алакөл fest» фестивалдары, «Алтынемел-құландар мекені» экофестивалі сияқты имидждік шаралар тұрақты өткізіледі. Ал Алакөл ауданы Лепсі ауылы ұлттық байқау қорытындысы бойынша Қазақстанның үздік туристік ауылы болып танылды.

Жалпы Жетісу облысының аумағында 442 туристік нысан орналасқан. Өткен жылдың 9 айының қорытындысы бойынша өңірде ақылы туристік-сауықтыру қызметтерінің көлемі 6,6 млрд. теңгеге жетті.

МҮГЕДЕКТІГІ БАР ЖАНДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Өңірде мүгедек жанрар үшін ғимараттарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 69 % құрап отыр. Бұл республика бойынша ең жоғарғы көрсеткіш. Осы бағыттағы жұмыс жалғасады.

2022-2024 жылдар аралығында облыс аумағындағы 625 нысан мүгедек жандардың кіріп-шығуына бейімделген. Биыл мемлекеттік және жекеменшік мекемелердің шамамен 195 нысанын бейімдеу жоспарда бар. Мемлекеттік нысандар үшін бюджет қаржысы қарастырылған.

Сонымен қатар инвентарі келігінің саны соңғы екі жылда екі есеге өсті. Облыс көлемінде қазір 32 инвентарі қызмет көрсетіп жүр. Жыл сайын мүгедектігі бар адамдарды қажетті техникалық құрылғылармен қамтамасыз етуге қаржы бөлінеді.

ТҰҢҒЫШ РЕТ КӨШПЕЛІ ОҢАЛТУ ЖОБАСЫ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ



Жетісу облысында тұңғыш рет әлеуметтік маңызы бар жоба – мүгедек жандардың үйінде көшпелі оңалту шараларын жүргізу қолға алынды. Аталған жоба «Асар» мүгедектерге арналған спорттық-оңалту орталығының базасында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды.

«Асар» орталығының директоры Елдос Баялышбаевтың айтуынша, бұл жоба орталыққа өздігінен келе алмайтындар үшін аса пайдалы.

– Біз жұмыс барысында мүгедектігі бар адамдардың көпшілігіне оңалту орталығына келудің қиындық туғызатынын байқадық. Күндізгі уақытта кейбіреулер жұмыста болса, кейбіріне үйлерінен орталыққа жету оңай емес. Сондықтан біз осы көшпелі оңалту жобасын қолға алдық. Біздің бұл маңызды бастамамызға облыс басшылығы қолдау білдірді, – деді Елдос Баялышбаев.

Жалпы бағдарламада пациенттердің екі тобы қамтылуда. Атап айтқанда, күндізгі шаралар өзді-

гінен қозғала алмайтын азаматтарға бағытталып отыр. Ал сағат 21-ден 23-ке дейін түнгі топ жұмыс істейді. Бұл уақыт аралығында күндіз жұмыста болатындықтан орталыққа келе алмайтын мүгедек азаматтарға ем шаралары жүргізіледі. Жобаның ерекшелігі сол, мамандар пациенттердің үйіне барып, оларға сауықтыру массажы мен емдік дене шынықтыруын жасатады. Әр сеанс шамамен бір сағатты алады, әр пациентпен жеке жұмыс жүргізіледі. Көшпелі бригада құрамында массажист, емдік дене шынықтыру нұсқаушысы мен жүргізуші бар. Бұл ретте мамандардың жұмысына қолайлы жағдай жасау арнайы таңбаланған автокөлік сатып алынған.

Талдықорғандық отбасылар көшпелі оңалту шараларының игілігін алғашқылардың бірі болып көрді.

– Зайыбым Анар 11 жыл бұрын инсульт алды. үшінші қабатта тұрамыз, арнайы көтергіш жоқ болғандықтан, сыртқа шығу, оңалту орталығына бару бізге қиындық туғызады. Қазір үйімізге келіп, оңалту қызметін көрсетіп жатыр. Бұл бізге өте қолайлы. Мамандардың тиісті ем шараларын жасап жатқанына он күндей болды. Осы бастаманы іске асырып жатқан азаматтарға алғыс айтамыз, – деді А. Басшығұлованың жұбайы Қанат Қосуханов.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаевтың айтуынша, бұл жоба – тең мүмкіндіктер қоғамын қалыптастыруға жасалған игі шараның бірі. Жыл соңына дейін осындай қызмет түрімен 200-ден астам адамды қамту жоспарланған. Алдағы уақытта көшпелі оңалту тобы облыс орталығы маңындағы аудандарға да шықпақшы. Бұл жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 30 млн. теңге бөлінген. Бұл қаражат жобаға тартылған мамандарға, яғни көлік жүргізуші, емдік дене шынықтыру нұсқаушысы мен массажист маманның жалақысына жұмсалады.



«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында Жетісу облысында «Ыстық ұя» экологиялық акциясы өтті. Акцияның мақсаты – тұрмыс табиғатты қорғау мен экологиялық тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығына халықтың назарын аудару, сондай-ақ жергілікті құстарға қолайлы орта жасау.

Іс-шара барысында қатысушылар ұя жасап, оларды жасыл аймақтарда, саябақтарда және құстардың ұя салуына қолайсыз жерлерге орнатты. Акция аясында білім беру дәрістері мен шеберлік сыныптары өткізіліп, ол халықтың, әсіресе жастардың, экожүйені қорғау мен құстардың маңыздылығы туралы экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталды.

«Таза Қазақстан» жобасы аясында елімізде экологиялық мәдениетті дамыту, қоршаған ортаны қорғау және табиғат тазалығын сақтау идеяларын насихаттау жалғастырылуда. «Ыстық ұя» экологиялық акциясы аймақта тұрмыс табиғатты қорғау мәселелерін шешуде маңызды қадам болып отыр.

«Ыстық ұя» экологиялық акциясы аймақтың биологиялық алуан түрлілігін қолдауға әрі сақтауға маңызды үлес қосуда.

«Мейірімді Жетісу» волонтерлік фронт-офисінің

«ЫСТЫҚ ҰЯ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ



жетекшісі Шырай Саматқызы: «Біз, жастар, «Ыстық ұя» акциясы экожүйені сақтау мәселесі жөнінде халықтың қызығушылығын арттырып қана қоймай, азаматтардың табиғатқа деген жауапкершілігін қалыптастыруға көмектеседі деп үміттенеміз. Мұндай шаралар еліміздің басқа облыстарына үлгі болып, табиғатқа саналы көзқарас қалыптастыруға, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға ықпал етеді».

Жалпы Жетісу облысы бойынша «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында жыл басынан 740 жастың қатысуымен 200-ге жуық акциялар ұйымдастырылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҚАЛА ТЫНЫСЫ ЭЛЕКТР ЖҮЙЕЛЕРІ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Бүгінде қала бойынша 600 шақырымнан аса электр желілері бар, олардың басым бөлігі қайта жаңғыртудан өткен. Қала халқына 275 трансформатор арқылы қызмет көрсетіледі.



Бүгінде №189 қосалқы трансформатор станциясына қайта жөндеу жұмыстары қолға алынды. Осылайша қала аумағындағы барлық электр желілері, соның ішінде апаттық жағдай туғызуға қауіпі бар электр бағаналары мен трансформаторларды кезең-кезеңімен ретке келтірілу жұмыстары жалғасақ.

Сала мамандарының сөзінше, жөндеу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Бұл өз кезегінде қаламыздағы барлық тұтынушыларға сапалы әрі сенімді электр қуатын беруге мүмкіндік береді. Электр жүйелерін жаңарту және жетілдіру – біздің басты міндетіміз, - дейді.

ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мемлекеттік көрсетілемін қызметтер сапасын арттыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында қала әкімдігі жанынан және қоғам белсенділерінен құрылған талдау тобы қала аумағындағы бірнеше маңызы бар әлеуметтік нысандардың мүгедектері бар азаматтарға қолжетімділігі талаптарын тексерді.

Талдау шарасының басты мақсаты – мүгедектері бар азаматтарға қолайлы орта қалыптастыру, барынша жағдай жасау.

Тексеріс барысында, орын алған кемшіліктер анықталып, жауапты мекемеге оңтайлы шешімге уақыт берілді. Талдау шарасы жалғасатын болады.

ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Талдықорғанда терроризмге қарсы комиссияның жұмыс тобының отырысы өтті.

Жиын қала әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабековтың төрағалығымен өткен болатын.

Күн тәртібінде төрт маңызды мәселе қаралды. Атап айтқанда, терроризмге қарсы комиссияның қазіргі кезеңдегі өзекті бағыттары.

Террористік тұрғыдан осал объектілеріндегі жұмыс жай-күйі.

Өткен комиссия отырысының хаттамасын орындау нәтижелері айтылды.

Қаладағы қылмыстық жағдай, көмелетке толмағандардың қатысуымен, діни және ұлттық экстремизм белгілері, сондай-ақ көпшілік наразылық акцияларына әкелетін алғышарттар мәселесі қозғалды.

Сонымен қатар, қаладағы эвакуациялық пункттердің жұмыс істеу жағдайы, олардың жай-күйі, халықты хабардар ету шаралары туралы баяндама жасалды.

Қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков аталған мәселелерге қатысты ескертпелер жасап, тапсырмаларды орындауда әрбір қадамға ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті. Сонымен бірге, қазіргі уақытта көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық жағдайдың өсуін болдырмау үшін жүйелі жұмыстарды күшейту керектігін баса айтты.

Қала әкімінің баспасөз қызметі

ЖОБА

Талдықорған қаласы әкімдігінің «Талдықорған қаласы аумағында жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланған тарифін белгілеу туралы» 2020 жылғы 12 қарашадағы №498 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

- Талдықорған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Талдықорған қаласы әкімдігінің «Талдықорған қаласы аумағында жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланған тарифін белгілеу туралы» 2020 жылғы 12 қарашадағы №498 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №148436 болып тіркелген) 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:
 - 1.1. Талдықорған қаласы аумағында жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланған тарифі келесі мөлшерде белгіленсін:
 - жол ақысын ұялы байланыс операторының көрсетілетін қызметтері арқылы немесе электрондық жол жүру картасы арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде - 100 (жүз) теңге;
 - жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу кезінде - 150 (жүз елу) теңге.
 2. Осы қаулының орындалуын бақылау Талдықорған қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
 3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Е. Бәзіл

«Талдықорған қаласы әкімдігінің «Талдықорған қаласы аумағында жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланған тарифін белгілеу туралы» 2020 жылғы 12 қарашадағы №498 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулысының жобасына

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

№ п/п	Түсіндірме жазбада көрсетілуі тиіс мәліметтер тізбесі	Мемлекеттік ақпарат әзірлеуші орган
1.	Әзірлеуші мемлекеттік органның атауы	«Талдықорған қаласының жолаушылар көлігі және» автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі
2.	Тиісті құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Президенттің, Президент Әкімшілігі, Үкімет және Үкімет Аппараты басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдау үшін негіздемелер және/немесе оны қабылдау қажеттігінің басқа да негіздемелері.	ҚР «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Заңының 13 бабы, ҚР «Автомобиль көлігі туралы» Заңының 19 бабы, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» №349 бұйрығының 153 тармағы
3.	Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есеп-қисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі)	Қарастырылмаған
4.	Жоба қабылданған жағдайда болжатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы	Жобаны қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды.
5.	Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері	Қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
6.	Жобада қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер.	«Талдықорған қаласы аумағында жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланған тарифін белгілеу туралы» Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 12 қарашадағы №498 қаулысы
7.	Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілетін-етілмейтінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы	Қажеттілігі жоқ
8.	Нормативтік құқытық актінің жобасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы ақпарат (күні, байт саны).	
9.	Әлеуметтік маңызы бар нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбаны уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру туралы ақпарат	Әлеуметтік маңызы жоқ
10.	Нормативтік құқықтық акті жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі	Қазақстан Республикасы заңдарына, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың шарттарына сәйкес
11.	Нормативтік құқықтық акті жобасының қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығынының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері	Шығын қажет етілмейді

Е.Қ. НИЕТБАЕВ,

«Талдықорған қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

ПРОЕКТ

О внесении изменения в постановление акимата города Талдықорған от 12 ноября 2020 года №498 «Об установлении дифференцированного тарифа на регулярные автомобильные перевозки пассажиров и багажа в городских (сельских) сообщениях на территории города Талдықорған»

- Акимат города Талдықорған **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**
1. Изложить в следующей редакции пункт 1 постановления акимата города Талдықорған от 12 ноября 2020 года №498 «Об установлении дифференцированного тарифа на регулярные автомобильные перевозки пассажиров и багажа в городских (сельских) сообщениях на территории города Талдықорған» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №148436):
 - 1.1. Установить дифференцированный тариф на регулярные автомобильные перевозки пассажиров и багажа в городских (сельских) сообщениях на территории города Талдықорған в следующих размерах:
 - при безналичной оплате посредством услуг оператора сотовой связи либо посредством электронной проездной карты за проезд – 100 (сто) тенге;
 - при оплате наличными деньгами за проезд – 150 (сто пятьдесят) тенге.
 2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Талдықорған.
 3. Настоящее постановление вступает в силу со дня государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким города

Е.Бәзіл

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

к проекту постановления акимата города Талдықорғана

«О внесении изменения в постановление акимата города Талдықорған от 12 ноября 2020 года №498 «Об установлении дифференцированного тарифа на регулярные автомобильные перевозки пассажиров и багажа в городских (сельских) сообщениях на территории города Талдықорған»

№ п/п	Перечень сведений, которые должны быть отражены в пояснительной записке	Информация государственного органа - разработчика
1.	Наименование государственного органа-разработчика	Государственное учреждение «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Талдықорған»
2.	Основания для принятия проекта нормативного правового акта со ссылкой на соответствующие правовые акты, нормы международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, решения международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан, протокольные и иные поручения Президента, руководства Администрации Президента, Правительства и/или другие обоснования необходимости его принятия	В соответствии со статьей 13 Закона РК «О транспорте в Республике Казахстан», статьей 19 Закона РК «Об автомобильном транспорте», с пунктом 153 Приказа и.о. Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 26 марта 2015 года №349 «Об утверждении Правил перевозок пассажиров и багажа автомобильным транспортом»
3.	Необходимость финансовых затрат по проекту нормативного правового акта и его финансовая обеспеченность, в том числе источник финансирования, а также в случае необходимости – решение Республиканской бюджетной комиссии (соответствующие расчеты, ссылка на источник финансирования, копия решения Республиканской бюджетной комиссии в обязательном порядке прикладываются к пояснительной записке)	Не предусмотрены
4.	Предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта, а также влияние положений проекта нормативного правового акта на обеспечение национальной безопасности.	Принятие проекта не влечет отрицательных социально-экономических и/или правовых последствий.
5.	Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов	Постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.
6.	Сведения об актах, принятых ранее по вопросам, рассматриваемым в проекте нормативного правового акта, и результатах их реализации	Постановление акимата города от 12 ноября 2020 года №498 «Об установлении дифференцированного тарифа на регулярные автомобильные перевозки пассажиров и багажа в городских (сельских) сообщениях на территории города Талдықорған»
7.	Необходимость приведения законодательства в соответствие с вносимым проектом нормативного правового акта в случае его принятия (указать – требуется ли принятие других правовых актов или внесение изменений и/или дополнений в действующие акты) либо отсутствие такой необходимости.	не требуется
8.	Информация о размещении проекта нормативного правового акта на интернет-ресурсе государственного органа, а также интернет-портале открытых нормативных правовых актов (дата, количество байт).	-
9.	Информация о размещении пресс-релиза к проекту нормативного правового акта, имеющему социальное значение, на интернет-ресурсах уполномоченных государственных органов	Не имеет социальное значение
10.	Соответствие проекта нормативного правового акта международным договорам, ратифицированным Республикой Казахстан, и решениям международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан.	Соответствует всем законодательствам Республики Казахстан, а также международным договорам
11.	Результаты расчетов, подтверждающих снижение и (или) увеличение затрат субъектов частного предпринимательства в связи с введением в действие проекта нормативного правового акта.	Не требуется затрат

Е.К. НИЕТБАЕВ,

руководитель ГУ «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Талдықорған»

ТАЛДЫҚОРҒАНДА 23 КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Облыс орталығы Талдықорған қаласындағы «Береке» коттедж қалашығында тұрғын үй кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал тобына жататын 23 көпбалалы отбасыға баспана кілті табыс етілді.



Осынау қуаныштарымен құттықтау үшін қала әкімі Ернат Бәзіл арнайы келіп, баспаналы болып жатқан тұрғындарға ақжарма тілегін білдіріп, баспана кілттерін тапсырды.

Бүгінде Талдықорған қаласы бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған халықты жайлы баспанамен қамту жұмысы қарқынды түрде жүзеге асып келеді. Оған дәлел, жыл басынан бері әлеуметтік осал топтағы 102 отбасы қоныс тойын тойлады. Жыл соңына дейін 1400-ден аса тұрғынды тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарлануда. Берілген баспананың басым бөлігі жалдамалы және несиелік тұрғын үйлер.

Естеріңізге салсақ, өткен жылдың желтоқсан айының соңында 25 көпбалалы отбасыға «Береке» коттедж қалашығынан тұрғын үй берілген еді, жыл басынан бері осы қалашықта 49 баспана тапсырылды. Бұл жұмыстар әлі де жалғасын таппақ.

«Бүгінгі күні қаламыз бойынша 15 мыңнан аса тұрғын үй кезегінде тұр. Осы мақсатта тұрғын үй салу жұмыстарын өткен жылдарға қарағанда екі есеге ұлғайтып жатырмыз. Осылайша халықты жайлы тұрғын жаймен қамту межесін арттырмақпыз. Жыл сайын 1500-ге жуық баспананы қолданысқа беретін болсақ, тұрғын үй кезегін барынша азайтамыз», - деді қала әкімі.

Айта кетейік, «Береке» коттедж қалашығында қалған 107 коттедждің құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін толық аяқталады деп жоспарлануда.

ҚАЛАМЫЗҒА 60 МЫҢҒА ЖУЫҚ ТУРИСТ КЕЛГЕН

Елімізде жыл санап туризм саласы ерекше қарқынмен дамып келеді. Соңғы жылдары елімізге алыс-жақын шет елдерден, сондай-ақ еліміздің әр өңірінен келетін туристердің саны артып отыр. Осыған байланысты Жетісу өңірінде туризм саласына ерекше ден қойылып, бүгінде халықтың көп баратын орындарының инфрақұрылымдары жаңартылып, ретке келтірілу жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда.



Біздің шаһар жанға жайлы жерде орналасқан. Тұмса табиғаты, айналасы өзендермен көмкерілген. Талдықорғанда да туристердің, қонақтардың көңілін аударатын орындар бар. Атап айтқанда, «Қызылтас - Тасбақа» петроглифтер қорымы, І.Жансүгіровтің әдеби мұражайы және М.Тынышбаевтың тарихи - өлкетану музейі, көркемсурет галереясы, қаланың көрікті орындары мен ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлеріне арнап қойылған ескерткіштер, сауда нүктелері мен қонақ үйі, мейрамханалар орналасқан.

Талдықорған қаласы - үлкен күрежолдың торабында орналасқан шаһардың бірі. Жетісу өлкесіне келетін әрбір саяхатшы ең алдымен қаланы басып өтетіні белгілі. Соның арқасында өткен жылдың қаңтар-қыркүйек айында 60 мыңға жуық турист келсе, оның 1285 шет елден келген қонақтар.

Айта кетейік, туристерге соңғы 9 айда 713,4 млн теңгенің қызметі көрсетілген.

Мирас АХМЕТСАПА,
Талдықорған қаласы кәсіпкерлік бөлімінің басшысы

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙТІЛДІ

Жетісу облысында қаржы пирамидаларына қарсы күрес аясында өткен жылы заңсыз қызмет атқарған төрт қаржы пирамидасының әрекеті әшкереленді. Бұл туралы Жетісу облысы бойынша Экономикалық тергеу-тексеру департаментінің басшысы Еркін Тіомеліев мәлімдеді.

Қаржы мониторингі агенттігінің мәліметінше, «Qnet», «Amanat Drive», «Elous», «Livegood» сияқты қаржы пирамидаларының заңсыз әрекеттері салдарынан 300-ге жуық азамат 306 миллион теңге шығынға ұшыраған. Жәбірленушілердің негізгі бөлігі - мұғалімдер мен үй шаруасындағы әйелдер. Сонымен қатар, биыл ақпан айында еліміздің барлық өңірінде ауқымды операция жүргізіліп, «Asag Basrapa» қаржы пирамидасының заңсыз қызметі тоқтатылды. Құқық қорғау органдарының жүргізген арнайы операциясы барысында 1,2 миллиард теңге қолма-қол ақша және 13 автокөлік тәркіленді. Екі ұйымдастырушы қамауға алынып, сот оларды 2 ай мерзімге қамауда ұстау туралы шешім шығарды. 2024 жылы қаржы пирамидаларына қарсы күрес аясында 18 ұйымның қызметі тоқтатылды. 492 сайт пен 16 әлеуметтік желідегі аккаунт бұғатталды. «Байқа, пирамида!» Telegram-боты іске қосылып, азаматтарға күмәнді сайттар мен жобаларды тексеруге мүмкіндік берілді.

Өз тілшіміз



Қазақстандық бірегейлікті нығайту, этносаралық шиеленістер мен қақтығыстардың алдын алу - мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтары. Татулық пен бірлікті ұран еткен елміз, көп конфессиялды мемлекетке айналуының түп тамыры осында жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Ассамблея - ел бірлігін іс жүзінде орнықтыра түсетін тиімді құрылым. Бүгінде бұл - конституциялық мәртебесі бар маңызды қоғамдық орган. Ассамблея өте ауқымды қайырымдылық шараларын дер кезінде және жедел ұйымдастырып келеді. Мұның бәрі көп жылдық жүйелі жұмыстың нәтижесі екені сөзсіз», - деген болатын. Бір мақсат жолында әртүрлі ұлтты қоса білген Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына осы жылы 30 жыл толып отыр. Нәтижесінде, еліміздің бірлігі мен ынтымағы - тұрақтылыққа айналды. Қазақстан көпұлтты мем-

ЖЕТІСУ - ТҰРАҚТЫЛЫҚ МЕКЕНІ



лекет. Жетісу өңірінде 70-тен астам этнос бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүруде. Достық үйі ғимаратында 14 облыстық этномәдени орталықтың кеңсесі орналасқан. Әрбір ұлтқа біздің жерімізде қоғамдық бірлестігін, мәдени орталығын, одағы мен қауымдастығын құрып, еркін тұрақтануға мүмкіндік берілген. Олардың негізгі қызметі өз этносы туралы мәлімет жинақтауға, әр елден келген қонақтарды (әр орталық) қабылдап өңірдегі этностардың жағдайымен таныстыруға, екі ел арасындағы ынтымақтастықты сақтауға бағытталған. Негізгі қызметтері әрбір этностың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сипаттайтын және ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға бағытталған ұлттық және мемлекеттік мерекелерді атап өтуге (конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, фестивальдар, байқаулар, конкурстар, халықтық қолданбалы өнер көрмелері және басқа да түрлі) іс-шараларды ұйымдастыруға негізделген.

Жеңіс АНДАБЕКОВ,
Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары

САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕЙТІН ОРТАЛЫҚ

Облыс орталығындағы «Достық» үйінде қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрін дәріптейтін орталық ашылды.

Көрнекі құралдармен жабдықталған бұл бөлім, халқымыздың сан ғасырлық тарихы мен тұрмыс-тіршілігін таныстырады. Мұнда көпшілікке арналған мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып, әсіресе шетелдіктер мен жасөспірімдерге ұлттық дәстүрлеріміз насихатталады. Сондай-ақ орталықта, ұлттық мерекелер кеңінен тойланып, қоғамдық бірлестік өкілдері аудандарды аралап, көшпелі көрме өткізуді де жоспарлап отыр. Жаңа орталық

облыстық, Қазақстан Халқы Ассамблеясына қарасты 20-дан аса этномәдени бірлестікпен бірлесе жұмыс істеп, ел бірлігін нығайту мен ынтымақтастықты арттыруға үлес қоспақ. Айта кетейік, мұндай орталық өңірде бұған дейін де болған, алайда 2022 жылы облыс бөлінгеннен кейін қайта жасақталды.

Абылай Қожақов, «Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрі орталығы» ҚБ төрағасының орынбасары:

– Биыл Ассамблеяның құрылғанына отыз жыл. Осы отыз жылдыққа байланысты біз жетпістен аса шара өткіземіз. Соның бәрі қазақ мәдениетін, салт-дәстүрін таныстырудан басталады.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

ЖАС БУЫНҒА ЖАҚСЫ ТІЛЕК

Сәрсенбінің сәтінде Өтенай ауылындағы кітапхана қабырғасында «Жұмысшы мамандықтарының жылына» байланысты аға буын өкілдерімен кездесу өтті. Ардагерлер жасөспірімдерге Отанымыздың өркендеуі жолында қандай мамандық болмасын, маңызға ие екенін айтып, тәжірибелерімен бөлісті. Кітапхана меңгерушісі Салтанат Қажаяева арнайы ұйымдастырылған кітап көрмесіне шолу жасады. Соңы ән мен күйге ұласты. Мұндай шара



Мемлекет басшысының 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялауына байланысты «Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы»ММ бастама-сымен облысымыздың барлық аудандары мен қалаларында жалғасуда.

Өз тілшіміз.

БИЫЛ 12 МЫҢ ТҮП АҒАШ КӨШЕТТЕРІ ЕГІЛЕДІ

Облыс орталығы Талдықорған қаласын жасыл қалаға айналдыру жолындағы маңызды қадамдар жалғасын таппақ. Осылайша биылғы жылы қала аумағына 12 мың түп ағаш көшеті егіліп, көгалдандыру жұмыстары жалғасадy. Оның 1800-і көктем айларында, қалған 10 мыңнан астамы күзде отырғызылады.

Сала мамандарының сөзінше, қалаға егілетін барлық көшеттер аймақтың ауа райына бейімделген ағаштар.

Сонымен қатар, қала көшелеріне 80 мыңнан аса гүл шоқтары егіледі деп жоспарлануда. Айта кетейік, өткен жылы қала аумағына 10 мың түп ағаш көшеті мен 60 мыңға жуық гүл шоғы егілген болатын.



КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Талдықорған қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясы, көктемгі кезеңнің жақындауына және еріген қар суларының тасу қаупінің артуына байланысты қала тұрғындары мен нысандардың арық жүйелерін және көпір өткелдерін уақытында тазалауды ескертеді.

Сонымен қатар, жаңбыр суының өткізілуін қамтамасыз ету үшін дайындалған арық жүйелерінің жұмысын қадағалау және тұрақты түрде бақылау қажет.

Жергілікті деңгейде су басу жағдайларын дербес жою үшін техникалық тұрғыдан дұрыс жұмыс істейтін құралдар, атап айтқанда арнайы сорғылары, шлангтер және шаруашылық құралдарының болуы алдын ала қамтамасыз етілуі керек.

Қала әкімінің баспасөз қызметі


8 НАУРЫЗ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ



Әйел-Ана-өмірдің өзегі, тіршіліктің күретауыры, ыстық ықылас пен ыждағаттың, пәктік пен тазалықтың қайнары. Өміріміздің сән-салтанаты мен мерейіміздің үстем болуында да қашанда нәзік жанардың еселі еңбегі мен қажырлы қайратының қарымды үлесі жатыр. Барлық уақытта әйел сұлулық пен мейірімділіктің, нәзіктік пен шапағаттың, әділдіктің символы болған және солай бола бермек. Отбасы жылуы, баланың күлкісі, нәзіктік пен қамқорлық сынды мәңгілік құндылықтар, әйел даналығы мен махаббаты биікке самғатып, ұлы істерге жетелеген. Қоғамдағы әйелдер рөлі қашанда жоғары.

ҚЫЗ ӨССЕ, ЕЛДІҢ КӨРКІ

Төтенше жағдайлар органдары қызметінде жұмыс істейтін әйелдер қиын, нағыз ерлердің мамандығын таңдаған жандар. Ер азаматтармен бірге олар да қоғамның амандығы мен тыныштығы үшін кезекшілікте тұрады. Осы саланы қызығушылықпен таңдап, әрбір қиын кезеңдерге табандылық танытып жүрген азаматшаларымыздың бірі - Анар Жеңісқызы Байділданова.



Ол Ө.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының заңтану мамандығы және «Қазақ қатынас жолдары университетінің» «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша жоғары білім алады. Ал азаматтық қорғау органдары қатарында 2016 жылдан бастап қызмет өткеруде.

Қазіргі уақытта Талдықорған қаласының төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері лауазымында қызмет атқарып келеді. Азаматтық қорғау капитаны Анар Жеңісқызы жалпы инженерлік қызметін атқару барысында өзіне жүктелген міндеттерді адал ниетпен атқарып, қойылған мәселелерді уақытылы және тиянақты орындайды. Отбасында ардақты ана, аяулы жар.

Талдықорған қаласының төтенше жағдайлар басқармасы бастығы, азаматтық қорғау полковнигі А. Шарипбай:

— Біз осы салада қызмет атқаратын барлық азаматшаларымызбен мақтанамыз және 8-наурыз халықаралық әйелдер күнімен құттықтай отырып, еңбектеріне жеміс, амандық, зор денсаулық және отбасы бақытын тілейміз!

ӘСЕМДІКПЕН СӘН БЕРГЕН ДҮНИЕГЕ

Қоғамдық қызметке өз өмірін арнаған, еңбекқорлығы мен адалдығымен танылған Құманғалина Санира Иманғазықызы — мектептің ұжымындағы ерекше тұлға. Ол Талдықорған қаласында тұңғыш ашылған қазақ мектебі, Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейіне 1997 жылы орналасып, 28 жылдан астам уақыт бойы мектепте еден жуушы болып қызмет атқарып келеді. Қарапайым еңбек адамдарының еңбекқорлығын, төзімділігін және өз ісіне деген адалдығын көрсететін Санира апайдың өмірі мектеп ұжымы мен оқушылар үшін үлгі боларлық.

Шығыс Қазақстан аймағының тумасы Санира Иманғазықызы 1975 жылы ата-анасымен Талдықорған қаласына көшіп келіп, Еркін мектебінде оқыды. Кейін мек-



теп бітіріп, Талдықорған қаласындағы №3 училищесінде білім алды. Содан тұрмысқа шығып, дүниеге үш бала алып келді. Тұңғыштары, ұлы Марат қаламыздағы Техикалық қызмет көрсету станциясында жұмыс жасайды. Екі қызы да тұрмыста, Айнұр Семей қаласында медициналық қызметкер болса, Раушан Қапшағай қаласында заңгер болып қызмет атқарады. Жолдасы Серікболат Құрманғалин жүк тасымалдаушы болып жұмыс істейді. Қазіргі таңда осы үш баласынан жеті немере сүйіп отыр.

Санира Иманғазықызы: «Мен мектеп ішіндегі тазалықты қамтамасыз ету маңызды екенін түсінемін. Көптеген адамдар бұл жұмысты қарапайым дәрежелі деп есептесе де, мен үшін ол — жүрегіммен жасалатын жауапты жұмыс. Таңертеңнен кешке дейін осы жерде жүргендіктен болар, үлкен-кіші де, оқушылар да мені таниды. Айналасың таза да ретті болғандығын қалаймын».

Еден жуушының жұмысы — тек тазалықпен ғана шектелмейді. Санира Құманғалина үшін мектептің атмосфера-сын қалыптастыру да үлкен маңызға ие болды. Ол әрқашан мектептің ішкі тәртібі мен тазалығына жауапты болды, бірақ өзінің қызметін өте қарапайым әрі ерекше түрде орындауға тырысады, -дейді ұжымдастары. Әрбір сабақ арасындағы үзілістерде, мектептің әр бұрышында оның ыждағаттылықпен жұмыс істеп жүргенін көрген оқушылар мен ұстаздар бұл жұмыстың мәнін бағалай білді.

Санира апай мектеп ұжымының бір бөлігі бола отырып, өз қызметімен оқушылардың тәрбиесіне, ұстаздардың жұмысына оң әсер етті. Айтар болсақ, күнделікті жұмысында реттілікпен жасаған еңбегі сезіліп тұрады. Қажырлы еңбегі мен жұмысына деген жауапкершілігі ұжымға үлгі.

Оның ең басты ерекшелігі — еңбекқорлығы. Ол әрбір ісін үлкен жауапкершілікпен орындайтын адам. Жарқын мінезі өзіне жарасып тұр. Ол ешқашан қиналып, шаршап-шалдығып көрмегендей, әрбір күнін қуанышпен, ілтипатпен бастайды.

Санира апайдың мектептегі 28 жылдан астам уақыттағы еңбегі — тек тазалықты сақтау ғана емес, бұл қызмет адамның қоғамға деген құрметін, өзінің кәсібіне деген адалдығын көрсетеді. Санира Иманғазықызы сияқты еңбекқор жандардың арқасында біздің қоғамымыз да тазалық пен тәртіпке толы болып, болашақ ұрпақ үшін жақсы тәрбие көзі бола алады.

Данәгул МӘКЕН

ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Саналы ғұмырын адал еңбекке арнап, ел игілігі үшін қызмет еткен жандардың тағдыры әрдайым құрметке лайық. Сондай жандардың бірі - ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті кадр бөлімінің инспекторы Раушан Лұқпанова.

Ол - қызметіне адал, отбасына берік, өнерге жақын жан. Бала кезінен ізденімпаз, еңбекқор. Мектепте жүріп-ақ әдебиетке, поэзияға қызығушылық танытып, өлең жазды. Мектепті тәмамдаған соң, Алматы қаласындағы заң колледжінің Өскемен қаласындағы филиалына оқуға түсіп, заң саласында білім алды. 2004 жылдан бастап түрлі жауапты қызметтер атқарды. Алғашқы еңбек жолын Зайсан қаласындағы мемлекеттік автомобиль инспекциясынан бастап, кейіннен Өскемен қаласындағы №1 Өрт сөндіру бөлімінде кеңсе меңгерушісі болып қызмет етті. Өмірдің өзі даңғыл жол іспеттес екені талас тудырмас. Раушан осы жолда сенімді серігі - шекарашы офицер Бейбіт Лұқпановты кездестірді. Екеуі отбасын құрып, бір-біріне сүйеу болып, шекара шебінде кездескен талай қиындықтардан бірге өтті. Жолдасы қызмет бабына байланысты түрлі өңірлерде еңбек етті. Азаматымен бірге көшіп жүрген Раушан Қайратқызы түрлі қызметтерді орындап, жұмысын адал орындады. Раушан шекарашылар сапында радио-телефоншы ретінде талай жауапкершілікті мойнына алды. Оның әрбір жұмыс күні тыңғылықты қызмет пен тиянақты еңбектен тұрды. Кейіннен кадр бөлімінің инспекторы қызметіне ауысып, осы салада да өзін жоғары



деңгейде көрсетуде. Ол үшін ең бастысы - мемлекет мүддесіне қалтқысыз қызмет ету, Отанға адал болу. Тірліктің бір қанаты еңбек болса, екінші қанаты — отбасы. Раушан — аяулы ана. Ол төрт бірдей қыз тәрбиелеп отыр. Жұлдыз, Жанайым, Нұрайым, Кәусар — жанұясының мәні, болашағы. Олардың бойына ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтарын сіңіруді өзінің ең үлкен міндеті деп санайды. Осындай бақытты жанұяның отанасы атанған Раушан, шекарашы офицер-подполковник Бейбіт Лұқпановпен табыстырған тағдырына еш өкінбейді. Раушан — тек қызметкер ғана емес, өнерге жақын жан. Қазір қолы қалт еткенде сурет салуға уақыт бөледі.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті

РАБОТА С ПОДРОСТКАМИ — НЕЛЕГКАЯ ЗАДАЧА

Знакомьтесь — майор полиции Анжела Куралева! В органах внутренних дел она работает с 2005 года. Начала службу в Коксуском районном отделе полиции Алматинской области. В 2015 году перевелась в управление полиции города Талдықорғана, где по настоящее время трудится старшим инспектором полиции по делам несовершеннолетних.



По словам Анжелы Куралевой, работа с детьми и подростками, не достигшими 18 лет, и их родителями — задача не из простых. Потому что здесь ты должен быть не только офицером полиции, но и педагогом, и психологом, умея расположить к себе и вызвать доверие.

«Основной моей обязанностью является предупреждение безнадзорности и правонарушений среди подростков. Необходимо найти общий язык с трудными детьми, понять, почему они совершают те или иные проступки, постараться помочь. И наряду с родителями дать им должное воспитание. Поэтому среди инспекторов по делам несовершеннолетних больше женщин, в отличие от других структур МВД», - рассказывает о своей службе старший инспектор.

Рабочий день Анжелы Борисовны редко проходит за письменным столом в кабинете. Ей приходится постоянно находиться в движении: регулярно посещать подо-

печных по месту жительства, проверяя выполнение своих рекомендаций и составляя акты об условиях их проживания; проводить профилактические беседы с подростками и их семьями; вести учет проблемного контингента на закрепленном участке и наблюдать за ними; оформлять подопечных в специальные воспитательные учреждения; читать разъяснительные лекции в школах, колледжах и вузах; реагировать на звонки и заявления граждан, проверять поступившую информацию; вносить предложения в суд и это далеко еще не все!

За 10 лет службы в отделе по делам несовершеннолетних у майора полиции сложился свой определенный характер, основными качествами которого являются любовь к детям, несмотря на их непростые поступки и судьбы, умение видеть в них личность, проявление педагогической жилки в сочетании с заботливостью, симпатией, и в то же время с твердостью духа.

Но Анжела Куралева — офицер только на службе, а дома она — заботливая жена и мама.

«Семья — вот что самое главное в моей жизни. Муж, дочка и сын — это те люди, которые дают мне силы, жизненную энергию и желание двигаться вперед. Супруг всегда поддерживает меня в моей нелегкой работе, относится с пониманием. Он как никто другой знает все тяготы работы с подростками, так как сам является педагогом. Стараюсь больше времени проводить со своей семьей, хотя получается это не всегда», - делится Анжела Борисовна.

По мнению нашей героини, быть женщиной полицейской — это не только огромный вызов, но и большая честь. Прекрасные половинки человечества работают наравне с мужчинами, выполняют ответственные задачи и при этом остаются хранительницами семейного очага, женами, матерями, сестрами и дочерьми. Это требует особого баланса, и Алла Борисовна гордится каждой своей коллегой, которая справляется с этой непростой, но важной миссией.

«В преддверии Международного женского праздника хочу пожелать своим коллегам и всем дамам счастья и хорошего настроения, благодаря которым каждая женщина расцветает, освещая все вокруг. Пусть любовью и теплом возвращаются к вам ваши неустанные заботы о семье и детях, о любимых и близких. Будьте красивы, здоровы и успешны!» - выразила свои пожелания в честь 8 марта майор полиции Анжела Куралева.

Алма УРАЗАЕВА



ЕҢБЕК АДАМЫ

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР

Жетісу облысының мемлекеттік архивінің жеке тектік қор иесі, Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Көксу ауданының «Құрметті азаматы», қарымды қаламгер, Нұрила Дентайқызы Бектемірова таяуға 75 жасқа толды.

Нұрила Бектемірова 1967 жылы Үштөбе қаласындағы қазақ теміржол орта мектебін бітірген. Еңбек жолын сол кездегі Киров аудандық «Еңбек туы» газетінде әдеби қызметкер болып бастаған. 1973 жылы Қазақтың қыздар педагогикалық институтының библиография және кітапхана факультетін сырттай оқып бітіріп, диплом алған. 1975 жылы Киров аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы, аудандық кеңестің депутаты болып сайланған. 1991 жылдың қыркүйек айынан бастап Көксу аудандық әкімі аппаратының іс қағаздарын жүргізуші, кейіннен жалпы бөлім бастығы болып 2010 жылдың ақпанына дейін қызмет атқарған. Еңбек өтілінің 37 жылын тек мемлекеттік қызметке арнаған. Жалпы еңбек өтілі 50 жылға жуық. Жас күнінен бері повесть, әңгіме, өлең, очерк, мақалалар жазып, Нұрила Дентайқызының қаламынан туған әр шығармасын қалың оқырман жылы қабылдап, шынайы өмірден алынған оқиғаларға қанық болды.

Жазушы Нұрила Дентайқызының айтар ойы айқын, тілі жатық. Тағдыр тауқыметін, өмір шындығын, қоғам келбетін суреттеген шығармаларының басты арқауы ана мен бала, жанұя басында болатын күрделі де терең, жан толқытқан психологиялық дағдарысқа толы оқиғаларды, адамдардың толғаныстарын, мінез-құлықтарын, өкініш пен қайғы-қасіреттерін, адалдықты, жан дүние сұлулығын арқау етеді. Жазушының «Өмірдің

кейбір сәттері», «Ұялған тек тұрмас...», «Нұрлы өмір – сырлы өмір», «Бақыттың білесің бе бағасын?», «Өмір бір басқа, көңіл бір басқа», «Сырлы ғұмырлар әлемі», «Өмір думан дүние жалған», «Халықтың қазыналы Қалқасы», «Жаны жайсаң Жанайдар», «Өмірдің өзі жазған әңгімелер», «Күн түнекті сейілетеді» сынды шығармалары мен кітаптары қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленді.

Нұрила Дентайқызы ақын ретінде қырықтан астам ән мәтіндерін жазған. Республикалық конкурстарда ән мәтіндерін жазған еңбегі үшін жүлделі орындарға ие болған. Жетісу өңірінде өткізілген үш мұшайраның жеңімпазы. Жалпы туған ел мен жерге арналған отансүйгіштік әндер республика, облыс көлемінде кеңінен танымал. Оның ішінде «Батыр аға – Нұрмолда», «Туған елдің Қалқасы-ай» және тағы басқа әндердің сөзін жазды. Ал, Жетісудың танымал сазгері Әли Алпысбаевтың көрермен тыңдаушылар арасында ерекше бір ыстық ықыласқа ие болған «Досым», «Қазағым», «Көгілдір Көксу», «Ай күнім», «Ана туралы баллада» және тағы басқа әндерінің мәтіндерін де Нұрила Дентайқызының қаламынан туған. Үш әні республикалық байқауда лауреат атанды. Өрине, бұл сазгерлердің және ән сөзінің авторының еңбегінің жемістері. Олардың көрермен халық үшін жазған сазды әуендері әрдайым Жетісудың төрінде шалқи берсін!

Бүлбүл МӘКЕНОВА,
Жетісу облысы мемлекеттік архивінің архивісі



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ**

БҮГІНГІ БІЛІМГЕР –

БОЛАШАҚТЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРЫЛЫСШЫСЫ

Жұмысшы мамандықтар жылы - қоғам назарын қазіргі әлемдегі жұмысшы мамандықтарының маңыздылығы мен қажеттілігіне аударудың тамаша мүмкіндігі. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін жұмысшы мамандықтарды дәріптеуге, олардың беделін арттыруға және жастарды өндірістік салаларға тартуға бағытталған бірқатар іс-шараларды ұйымдастыру өте қажет.



Жастарда жоғары біліктілік пен білімді қажет ететін шығармашылық қабілет болуы шарт. Екінші-экономиканың нақты секторын кадрлармен қамтамасыз ету үшін маңызды, себебі көптеген кәсіпорындарға білікті жұмысшы кадрлардың жетіспеушілігі баршаға мәлім. Талдықорған аграрлық технологиялық колледжі өз түлектерін дәл осы өзгерістерге бейімдей отырып, олардың заманауи техникалық дағдылар мен практикалық тәжірибесін меңгеруіне жағдай жасайды. Колледж 7 мамандық 14 біліктілік бойынша мамандар дайындалуда. Біздерде өткен жылдың өзінде көптеген жұмыстар қолға алынды.

Мәселен, 2024 жылдың мамыр айының 2-3 күндері аралығында Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті мен «Жетісу облысының білім басқармасы» ММ «Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК арасындағы ынтымақтастық меморандумы аясында бірлескен «Ашық есік күні» ұйымдастырылып, «Кинология» мамандығына мектеп оқушыларының қызығушылықтарын оятуға бағытталған кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді. «ЭЛИТА ДОСААФ» ҚБ мен колледж арасындағы меморандум аясында 2023-2024 оқу жылында 13 студент мақсатты даярлау негізінде «Кинолог» біліктілігін алып шықты. Ал биылғы оқу жылында тағы 12 студент білім алуда.

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру мақсатында жастар арасында ақпараттық науқандар ұйымдастырылуда. Серіктес кәсіпорындармен бірлескен жұмыстар нәтижесінде студенттер нақты өндірістік процестерге қатысуға мүмкіндік алуда. «Жетісу облысының ветеринария басқармасы» ММ бірлескен келісімшарт негізінде студенттер аудандық ветеринарлық станциялардан кәсіптік практикадан өтеді. 2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында өндірістік практикадан өтуге 13 топтан 297 студент жіберілді. Биылғы оқу жылында «Ветеринария» мамандығы бойынша бітірген түлектердің 58-і «Жетісу облысының ветеринария басқармасы» ММ ветеринарлық станцияларына жұмысқа орналасты. Нан, макарон және кондитер өндірісі мамандығы бойынша: «Fortuna Food-Хакимова И.А.» ЖК, «Десерт» ЖК, «Jeanne» - кондитерская Карамель, «BALMekenSB» ЖШС - Кондитерская HappyCake», «Magnum Cash& Carry» ЖШС, «Қарлығаш» ЖК, «Медетбекова» ЖК- «Айгерім тәттілері», «QF Company»

ЖШС- Dodo pizza, «Алаш» ЖК- «Асем шоу торттары», «La Familia» ЖК, «Головащенко С.В.» ЖК- «Деликатесы», «Скакова М» ЖК, «Тютяева» ЖК- «Славянский двор» т.с.с. 24 кәсіпорынмен практика базалары ретінде келісімшарт жасалған.

Сондай-ақ жыл сайын техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындары арасында өтетін кәсіби шеберлік конкурстары жастар арасында жұмысшы мамандықтарға қызығушылықты оятып, дарынды жас мамандарды анықтайды және осы саладағы мансаптық мүмкіндіктерді көрсетеді. Жастарды кәсіби бағдарлау мақсатында жыл сайын аймақтық WorldSkills чемпионаты «Кондитер ісі», «Наубайхана ісі» және «Ветеринария» құзиреттіліктері бойынша колледж базасында өткізіледі. Осы құзиреттіліктер бойынша студенттеріміз жүлделі орындарға ие болып келеді. «WorldSkills Kazakhstan 2023» - VIII республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында «Кондитер ісі» құзиреттілігі бойынша Жансаа Нұрсұлтан жүлделі I орын, алтын медаль иегері атанды. «WorldSkills Kazakhstan 2024» - IX республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында «Кондитер ісі» құзиреттілігі бойынша Дильназ Құмаржан шеберлігі үшін марапатталды. Әр жылдары осы байқауда студенттер жүлделі орын алды. «Ветеринария» құзиреттілігі бойынша биылғы жылғы мамыр айында «Veterenarus Open Zhetyusu» республикалық кәсіби шеберлік байқауын ұйымдастыру жоспарлануда.

Талдықорған қала мектептері бітіруші сынып оқушыларына арналған «Білім мен болашақ: жаңа мүмкіндіктер әлемі» тақырыбындағы ашық есік күні ұйымдастырылды. Қатысушыларға кәсіби мамандар мен студенттер өз тәжірибелерімен бөлісіп, қызықты экскурсиялар мен шеберлік сыныптар өткізді. Өткенде Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалі өткені белгілі. Білімгерлер үшін маңызды шара болды. Стартап жобалардың таныстырылымы өтіп, мамандықтар шеруі болды. Бұл болашақ мамандар мен жұмыс берушілердің ынтымақтастық алаңына айналды.

2025 жыл жастар үшін өз болашағын айқындап, еңбек адамы ретінде мақтанышпен алға қадам басатын ерекше мүмкіндік.

М. ЕРЖІГІТОВА,

Талдықорған аграрлық технологиялық колледжі директорының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары

ДЕНСАУЛЫҚ

МӘМС АЯСЫНДА 800-ге ЖУЫҚ ОТА ЖАСАЛДЫ

2024 жылы Талдықорған қаласындағы Облыстық аурухананың хирургтері лапароскопиялық холецистэктомия әдісімен 800-ге жуық ота жасап, өңір тұрғындарына жоғары сапалы медициналық көмек көрсетуге.

Лапароскопиялық холецистэктомия – өт қабын алып тастауға арналған азинвазивті операция. Дәстүрлі ашық әдіске қарағанда, бұл тәсілдің бірқатар артықшылықтары бар.

Операция барысында хирург лапароскоп (жоғары дәлдіктегі камера) көмегімен ішкі ағзаларды көреді және арнайы құралдар арқылы өт қабын мұқият бөліп алады. Арнайы жасалған бір тесіктен өт қабы сыртқа шығарылады. Операцияның ұзақтығы 30-90 минутты құрайды. Облыстық аурухананың хирург дәрігері Ақтілек Сейітұлының айтуынша, бұл заманауи әдіс өт қабы ауруларын емдеуде «алтын стандарт» болып есептеледі және әлемдегі ең жиі жасалатын хирургиялық операциялардың бірі.

«Өт аурулары – бүгінгі таңда жиі кездесетін дерттердің бірі. Біздің ауруханада бұл отаға деген сұраныс жоғары. Лапароскопиялық әдіс пациенттер үшін қауіпсіз әрі тиімді. Отадан кейінгі қалпына келу уақыты қысқа және науқастар күнделікті өмір салтына тез оралады» – дейді хирург.

Бұл жоғары технологиялық хирургиялық көмек міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің арқасында халыққа қолжетімді болып отыр.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидалары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №260 бұйрығы негізінде жүзеге асады.

Медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясының (бұдан әрі – ДКК) жолдамасы:

- организм функциялары тұрақты бұзылған кезде алғаш куәландыру;
- қайтадан куәландыру (қайта куәландыру) мақсатында МӘС жүргізу үшін негіздеме болып табылады.

Медициналық ұйымдар тіршілік-тынысының шектелуіне алып келетін ауруға, жарақат зардаптарына немесе кемістікке байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шараларын жүргізгеннен кейін, анатомиялық кемістіктері бар адамдарды, 21-хромосома бойынша трисомиямен (Даун синдромы), организм функцияларының едәуір немесе өте айқын білінетін бұзылушылықтары бар және оңалту әлеуеті жоқ жазылмайтын паллиативті көмек алатын ауруларды қоспағанда, еңбекке уақытша жарамсыздық басталған немесе балаларға және жұмыс істемейтін адамдарға диагноз белгіленген сәттен бастап кемінде төрт айдан кейін МӘС-ке жібереді.

Мүгедектігі бар адамдардың мүгедектікке әкелген аурулары бойынша денсаулығы нашарлаған кезде уақытша жұмысқа жарамсыздық күнінен немесе балалар мен жұмыс істемейтін адамдарға диагноз белгіленген күннен бастап екі айдан кейін, МӘС-ға жіберіледі. Медициналық ұйымдар қайта куәландырудың кезекті мерзімін ескере отырып, мүгедектігі бар адамдарды және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылған адамдарды қайта куәландыруға (қайтадан куәландыруға) жібереді.

МӘС ұсынылған құжаттарды (клиникалық-функционалдық, әлеуметтік, кәсіптік және басқа да деректерді) қарау, куәландырылатын адамды көзбе-көз тексеру, организм функцияларының бұзылу мен тіршілік-тынысының, оның ішінде еңбек ету қабілетінің шектелу дәрежесін бағалау жолымен МӘС бөлімі басшысының немесе МӘС әдіснама және бақылау бөлімі басшысының және кемінде екі бас маманның қатысуымен алқалы түрде жүргізіледі. МӘС сырттай проактивті форматта жүргізу сараптамалық қызметтер көрсету үшін келісімшарт негізінде МӘС тәуелсіз сарапшылары тартылады. МӘС сараптамалық қорытындысы осы Қағидаларға сәйкес 6-қосымшаға организмнің негізгі функциялары бұзылуының және тіршілік-тынысы шектелуінің жіктелуі (бұдан әрі – жіктеме), сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес он 7-қосымшаға сегіз жасқа дейінгі балаларға мүгедектік мерзімдерін белгілеу үшін медициналық көрсеткіштердің негізінде организмнің жай-күйі мен тіршілік-тынысының шектелу дәрежесін кешенді бағалауға байланысты шығарылады.

МӘС жүргізу қорытындысы бойынша тыныс-тіршілігі санаттарының бірінің (өзін-өзі күту, жүріп-түру, еңбек қызметі (еңбек қабілеті), оқу, бағдарлана білу, қарым-қатынас, өз мінез-құлқын қадағалау, ойын және танымдық қызмет, белсенді қозғалыс қабілеті) шектелуіне әкеп соқтыратын организм функцияларының тұрақты бұзылуы болмаған жағдайларда мүгедектік және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі белгіленбейді.

Сараптамалық қорытынды: жүтінген күні шығарылады. Көзбе-көз куәландыру (қайта куәландыру) куәландырылатын адамның немесе заңды өкілінің келісуімен үйде, стационарда, ал куәландырылатын адам тасымалдауға келмейтін және (немесе) қызмет көрсетілетін өңірден тыс жерлерде стационарлық емделуде жүрген кезде сырттай, №031/е нысаны бойынша ДКК ұсынысы негізінде жүргізіледі. Сырттай куәландырылған (қайта куәландырылған) кезде №031/е нысанды куәландырылатын адамның орналасқан жері бойынша өңірдің медициналық ұйымы рәсімдейді.

Адамды мүгедектігі бар адам деп тану үшін мынадай бірнеше міндетті шарттардың бір мезгілде болуы:

- организм функцияларының тұрақты бұзылуынан денсаулықтың бұзылуы;
- тіршілік-тынысының шектелуі (адамның өзіне өзі қызмет көрсету, өздігінен жүріп-түру, бағдарлану, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, оқу немесе еңбек қызметімен айналысу қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылуы);
- әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыру қажеттігі негіздеме болып табылады. Жас мәлшеріне қарай организмде пайда болатын өзгерістер мүгедектік тобын белгілеу үшін негіздеме болып табылмайды.

Е.ЮН,

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті МӘС ӘББ бас маманы

ҚЫЗЫЛШАДАН ҚОРҒАН!

Қызылша – аяу-тамшылы инфекциялар тобына жататын жедел жұқпалы вирустық ауру, онымен көбінесе балалар ауырады. Аурудың негізгі белгілері: дене қызуының 38-40 градусқа дейін көтерілуімен, көздің шырышты қабығының, мұрын-жұтқыншақтың, жоғарғы тыныс жолдарының қабынуымен, лимфа түйіндерінің ұлғайуымен, теріге бөртпе пайда болу белгілерімен сипатталады. Жалпы әлсіздік, бас ауруы, төбеттің төмендеуі, ұйқының бұзылуы пайда болады. Мұрын бітеліп, құрғақ жөтел болуы мүмкін. 3-8 күн аралығында денеге бөртпе шығады.



Көбіне қызылшамен 5 жасқа дейінгі балалар немесе 20 жастан асқандар ауырады. Бөртпе қызғылт немесе қызыл дақтар түрінде пайда болады. Бірінші күні құлақтың артында, шаш арасында, бет пен мойында, кеуденің жоғарғы бөлігінде шығады. Екінші күні бөртпе денеде және қолдың жоғарғы бөлігінде пайда болады. Үшінші күні аяқта шығып, беттегі бөртпелер бозарады. Егер аурудың белгілері байқалса, басқаларға жұқтырмас үшін қарым-қатынасты дереу тоқтату керек. Мұндайда бірден емханаға барған жөн. Ауру адам қан және зәр тапсырады. Зертханалық сынамадан кейін диагнозды инфекционист-дәрігер қояды. Мамандар аурумен қатынаста болған адамдарды 21 күн бойы оқшаулап, бақылап отырады. Бұрын қызылшамен ауырмаған және егілмеген адам ауырған сырқатпен қарым-қатынаста болса, ауру жұқтыру қаупі өте жоғары.

Қызылшамен сырқаттанған кезде күрделі асқинулар пайда болуы мүмкін. Оларға пневмония, ортаңғы құлақтың қабынуы (отит), кей жағдайда мидың қабынуы (менинго-энцефалит) тәрізді өте қауіпті аурулар жатады. Қызылшамен ауырып сауыққаннан кейін 2 айға дейін иммунитет төмендейді, сондықтан осы уақытта бала қандай да бір суық тию немесе вирустық аурумен ауыруы мүмкін, сол себепті оны барынша науқас балалармен қарым-қатынастан қорғау қажет. Ата-аналар балаларын қызылшадан қорғау үшін міндетті түрде екпе салдыруы тиіс.

А. НҰРАХМЕТ,
«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ
Эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің жетекші маманы

ВИТАМИНДЕРДІҢ АҒЗАДАҒЫ РӨЛІ

Витаминдер ағзаның дұрыс жұмыс істеуіне қажетті биохимиялық реакцияларға маңызды рөл атқарады. Кейбір витаминдер иммундық жүйені күшейтсе, басқалары зат алмасуды реттейді немесе тінінгердің қалпына келуіне ықпал етеді. Әр витаминнің өзіндік орны бар.

Мәселен, А витамині (ретинол) – көруді, тері мен кілегейлі қабықшаларды сақтау үшін, сондай-ақ иммундық жүйенің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін маңызды. D витамині – кальций мен фосфордың алмасуын реттейді, сүйектер мен тістердің саулығын сақтайды және иммундық жүйені қолдайды. С витамині (аскорбин қышқылы) – коллаген синтезіне қатысады, иммундық жауапты жақсартады, жаралардың жазылуына көмектеседі және қан тамырларының саулығын сақтайды. В тобының витаминдері (В₁, В₂, В₆, В₁₂ және басқалары) – зат алмасуға қатысады. Е витамині (токоферол) – күшті антиоксидант, жасушаларды зақымданудан қорғайды, жүрек пен қан тамырларының жұмысын реттеуге көмектеседі.

Витаминдердің жетіспеушілігі әртүрлі ауруларға әкелуі мүмкін. Мәселен, D витамині жетіспегенде балаларда рахит, ересектерде остеопороз дамуы мүмкін.

Сондай-ақ, А витаминінің артық болуы улануға әкелсе, бас ауруы, жүрек айну, шаштың түсуі сияқты белгілермен көрінуі мүмкін. Ал D витаминінің артық болуы қандағы кальцийдің артық болуына соқтырады.

Әртүрлі және теңгерімді диета, көкөністер, жемістер, ет, балық, сүт өнімдері сияқты тағамдарды тұтыну ағзаны витаминдермен қамтамасыз етеді.

Ұсыныстар: Витаминдерді қарапайым күнделікті тұтынып жүрген көкөністерден алуға болады. Мысалы: А дәрумені (ретинол) – сәбіз, асқабақ, қызыл бұрыш, шпинат құрамында бар. В дәрумендері (В₁, В₂, В₆, В₁₂ және т.б.) – брокколи, картоп, шпинат, бұршақ, жүгері, D дәрумені – негізінен күн сәулесінен алынады, бірақ саңырауқұлақтарда кездеседі.

Қорытындысында, витаминдер ағзаның дұрыс жұмыс істеуі үшін маңызды. Ағзаның қалыпты жұмыс істеуі үшін витаминдердің жетіспеушілігіне немесе артық болуына жол бермей, дұрыс және теңгерімді тамақтану арқылы қажет.

Аружан ТӘЛІП,
ШЖҚ „Талдықорған жоғары медициналық колледжінің”
мейіргер ісі мамандығының 411-топ білімгері.
Айгерім ЕЛЮБАЕВА,
арнайы пән оқытушысы

ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ

Здоровье является состоянием полного физического, духовного и социального благополучия, а не только отсутствием болезней и физических дефектов.

Здоровье обусловлено в 50% случаев - условиями и образом жизни человека, 20% - состоянием внешней среды, 20% - генетическими факторами и 10% - состоянием здравоохранения.

ГЛАВНЫЕ ПРАВИЛА ПО ВЕДЕНИЮ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ

1. Активное движение

Тело человека так устроено, что оно просто не может постоянно находиться в одном месте и в одном положении. Например, сидя целый день перед компьютером на работе, вы на самом деле под-вергаете организм сильному стрессу. Каждое утро делайте зарядку минимум 30 минут. Желательно посещать тренажерный зал, что позволит полностью и грамотно проработать каждую мышечную группу.

2. Откажитесь от вредных привычек

Алкоголь и табак разрушают наш организм, это как бомба замедленного действия. Даже в небольших дозах эти вещества оказывают пагубное действие на организм, которое проявится если не сейчас, то в следующих поколениях, постепенно разрушая ДНК.

3. Правильно питайтесь

Питание должно быть сбалансированным. Пропорции БЖУ в рационе питания должны быть следующими: белки – 20-30%, жиры – 10-20%, угле-воды – 50-60%.

Энергетическая ценность продуктов должна соот-ветствовать энергетическим затратам организма.



Употребляйте достаточное количество фруктов и овощей, чтобы организм получал достаточное коли-чество витаминов.

Ограничьте потребление соли и сахара.

Употребляйте достаточное количество воды, ре-комендуется не менее 2.5 литров в день.

Нужно соблюдать режим питания. Режим – это регулярность чередования приемов пищи. Правильнее кушать по-немного, но 5-6 раз в сутки.

4. Высыпайтесь

Крепкий и здоровый сон укре-пляет иммунитет и способствует долголетию. Спите не менее 8 часов

5. Избегайте стрессовых ситуаций

Стресс создает сильную нагрузку на вашу нервную систему. Истощенная ЦНС приводит к ослаблению им-мунитета и защитных сил организма. Поэтому оставайтесь всегда на позитив-ных эмоциях и чаще улыбайтесь!

6. Закаляйтесь.

Закаливание помогает организму лучше справ-ляться с простудными заболеваниями, т.к. тренирует защитные силы организма.

7. Следите за личной гигиеной.

Соблюдение личной гигиены защитит вас от раз-ных бактерий и микробов, которые скапливаются на коже, руках, волосах, под ногтями и во рту.

З. РАХМЕДИНОВА,
Ш. ЕСИРКЕЕВА,
Ж. АБЕЛЬДАНОВА,
медсестры Многопрофильной областной
детской больницы

ПРЕИМУЩЕСТВА ГРУДНОГО ВСКАРМЛИВАНИЯ

Грудное вскармливание имеет множе-ство преимуществ как для ребёнка, так и для матери.

ДЛЯ РЕБЁНКА:

1. Полноценное питание – грудное молоко содержит все необходимые питательные вещества, витамины и антитела для роста и развития.

2. Укрепление иммунитета – мо-локо матери содержит антитела, за-щищающие от инфекций, вирусов и аллергии.

3. Лёгкое усвоение – оно лучше переваривается, чем смеси, снижая риск коликов, запоров и других проблем с пище-варением.

4. Правильное развитие мозга – в молоке есть жир-ные кислоты, способствующие развитию мозга и нерв-ной системы.

5. Защита от болезней – снижает риск диабета, ожирения, астмы и сердечно-сосудистых заболеваний в будущем.

6. Эмоциональная связь – во время кормления формируется тесный контакт с матерью, что благотвор-



но влияет на психику.

ДЛЯ МАТЕРИ:

1. Быстрое восстановление после родов – кормление способствует сокращению матки и сниже-нию послеродового кровотечения.

2. Снижение риска заболеваний – уменьшает вероятность рака груди, яичников и остеопороза.

3. Экономия – не требует покупки смесей, бутыл-лочек и других аксессуаров.

4. Удобство – молоко всегда готово, имеет нужную температуру и стерильность.

5. Снижение стресса – гормоны, вырабаты-ваемые во время кормления, помогают рассла-биться и снизить риск послеродовой депрессии.

6. Естественная контрацепция – снижает ве-роятность новой беременности в первые месяцы по-сле родов. Грудное вскармливание – это естественный и лучший способ питания младенца, который приносит пользу и ребёнку, и матери.

З. РАХМЕДИНОВА,
Ш. ЕСИРКЕЕВА,
Ж. АБЕЛЬДАНОВА,
медсестры Многопрофильной областной
детской больницы

ОБСТРУКТИВНЫЙ БРОНХИТ У ДЕТЕЙ

Обструктивный бронхит – это воспаление бронхов, при котором происходит сужение их просвета и движение воздуха по ним наруша-ется.

Если бронхи в порядке, воздух свободно поступает к лёгким, снаб-жая организм кислородом. Если их просвет сужен или наполнен слизью, дыхание затрудняется, а ткани и ор-ганы не получают достаточного ко-личества кислорода.

У детей обструктивный бронхит встречается чаще, чем у взрослых – это обусловлено узостью воздушных путей, неспособностью эффективно от-кашливать слизь, незрелостью иммун-ной системы и началом социализа-ции (то есть активным знакомством с бактериями и вирусами). Заболева-ние может развиваться в любом возрасте, но чаще всего возникает у детей от полугода до 5 лет.

Возможные причины обструктивного бронхи-та у детей:

▲ вирусные респираторные инфекции;

▲ герпес-вирусные инфекции (цитомегаловирус, вирус Эпштейна – Барр);

▲ грибовые инфекции;

▲ бактериальные инфекции (микоплазменная или хламидийная инфекция дыхательных путей);

▲ аллергия;

▲ генетические заболевания (муковисцидоз).

Риск заболеть обструктивным бронхитом зависит от состояния иммунитета и ряда других факторов, включая физиологические и анатомические особен-ности, хронические заболевания, влияние среды.

Симптомы обструктивного бронхита у детей:

▲ приступообразный кашель, часто возникающий в ночное время и усиливающийся после физической активности, плача;

▲ при откашливании – мокрота желтоватого или зеленоватого цвета;

▲ шумное, частое и поверхностное дыхание;

▲ одышка, затруднённое дыхание (можно заметить по втягиванию межрёберных промежутков на вдохе, раздуванию крыльев носа);

▲ утомляемость;

▲ боль в груди;

▲ беспокойство;

▲ признаки гипоксии: бледность,

мраморный рисунок кожи, синюшность

носогубной области, учащение пульса.

Обструктивный бронхит может иметь разное течение. При стреми-тельном развитии неожиданно, без сопутствующих симптомов ОРЗ, появ-ляется резкий кашель, затрудняется дыхание. При постепенном – на начальных этапах болезнь сопро-вождается классическими симптомами респиратор-ной инфекции: повышением температуры, заложен-ностью носа. В некоторых случаях обструктивный бронхит у детей протекает без кашля или с незна-чительным покашливанием. Заболевание не всегда сопровождается повышением температуры тела.

При приступообразном кашле, который сопрово-ждается шумным дыханием на выдохе и повышен-ной утомляемостью ребёнка, нужно обратиться к врачу.

Ж. АБЕЛЬДАНОВА,
З. РАХМЕДИНОВА,
Ш. ЕСИРКЕЕВА,
медсестры Многопрофильной областной
детской больницы



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ**

АДАЛ ЕҢБЕК – АСЫЛ МҰРА

Мемлекет басшысының Жұмысшы мамандықтары жылына орай «Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастамасымен аудан, қала кітапханаларынан бастау алған көш керуен Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасында жалғасын тапты.



Көш керуенге Талдықорған қаласының «Құрметті азаматы» Тимур Биғожанов, Талдықорған қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әділет Рымтайұлы, еңбек ардагерлері, қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұратбек Қабылбекұлы, «Семей полигоны» ҚБ ардагері Білімбек Қасенов, Сарқан ауданының «Құрметті азаматы» Төлеухан Бикенбиев, ардагер ұстаз, «Білім беру ісінің үздігі», «Еңбек адамы» төсбелгісінің иегері, облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі Жамал Даркенбаева, «Талдықорған қаласы

орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ-нің директоры Сейтжанова Күлпан Калкенқызы, кітапханашылар, №2 орта мектептің оқушылары қатысты.

«Адал еңбек – асыл мұра» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, оған кітапханашылар Құралай Болатқалиқызы мен Толқын Дәулетқызы библиографиялық шолу жасады. Жұмысшы мамандықтарының құрметіне арналған шара жас өнерпаздардың концертімен аяқталды.

Құралай БАРЫМБЕКОВА,
кітапханашы

ҚҰНДЫЛЫҚ

ҰЛТ ТАРИХЫ-ҰРПАҚҚА МИРАС



құрайтын ру-тайпалардың ішінде тарихы мол, талай қиын-қыстау тарихи белестерден өткен сыры көп, қазақтың аға тайпасы атанған Жалайыр деген ұлы тұлғаның өлемі жән-жақты ашып берді. Бүткіл еңбегін сарп еткен тарихшының «Жалайыр тарихынан» атты 3 кітабы, «Қадырғали би Жалайыр», «Қазақ тарихының көшбасшысы» құрастырушы болған және «Қадырғали би Жалайыр қазақ тарихының геродоты», «Қазақ тарихының көптеген зерттеу жинақтары мен тарихи деректемелері жарық көрді. қызығушылық танытқан оқырмандарының жүрегінен орын алуда. Сондай-ақ аты аңызға айналған ортағасырлық қахарман батыр Орақтының ерлігі мен сан қырлылығын және әлі де болса зерттеуді қажет ететінін де жасырмайды. 2022 жылы «Ұрпағына ұран болған Орақты батыр» кітабы жарық көрді.

Кітапты жанына серік еткен қолына шамшырағын алып ізденумен жүретін тарихшының жұбайы Нұрқалбаева Нағима Жабайқызы отыз жылдан астам Талдықорған қалалық кітапхана басшысы қызметін атқарып, мәдениет пен ақпаратты насихаттауда аянбаған өз ісінің нағыз маманы еді. Атамыздың жанынан табылып, салмақты дүниені жазуда жұбайының да үлесі мол болар. Тек жазумен ғана емес, сондай-ақ руханият ордасы орталық С.Сейфуллин атындағы кітапханасының тұрақты кітапсүйер оқырманы, өтетін мәдени іс-шараларға атсалысып, өзіндік тұщымды ой-пікірлері мен ұсыныстарын да жеткізеді. Оқырмандардың барынша тарихи әдебиеттерге қызығушылығын оятып, қолжетімділігін қамтамасыз етуде кітапханаға кітаптарын сыйға беріп, қариялық батасын да арнайды. Қариялықтың кемесінде жүрген атамыздың дені сау болып, руханилықпен сусындатар талай құнды мол мұраларыңыз жарық көре берсін демекпін.

Гүлнар ШЕГЕНОВА,
Жетісу облысының С. Сейфуллин атындағы орталық кітапханасының кітапханашысы

Ұлы ғала тарихының қазыналы қамбаларын ата тарихпен толықтыру және тәуелсіздік еліміздің ғасырлық тарихтағы өзіндік орнын нақтылап, ұрпаққа жеткізу мемлекеттік саясаттың басым бағыты. Сондықтан да ұлт жанашырлары ұлттық рухани құндылықтарды қайта жаңғыртып, халықтың мәдени болмысын сақтауда түрлі бағдарламалар мен жобаларды қабылдап іске асыру нәтижесінде көптеген жетістіктерге жетті.

«Өлкетану» бағытында елім, жерім деп жанын беріп жаудан қорғаған би-шешендерін, қолбасшы батырларын, өлке тұлғалары мен қоғам қайраткерлерінің батыл шешімдері мен қайтпас-қайсарлықтарын насихаттап, дәріптеуде зерттеуші ағаларымыздың еңбектері ұшан-теңіз. Солардың қатарында келешек ұрпаққа елдің тарихы мен ұлттық мәдени құндылықтарын насихаттауда өзіндік қолтаңбасы бар тарихшы, өлкетанушы, ардагер-зейнеткер Нұрқалбаев Құлтай атамиз бар. Бүгінде ұлт тарихының қазынасын салмақтап, өткені мен бүгінгіні зерделеп жазудан еш қажымайды. Керісінше жігерленіп тарихтың шежірелерінен шер тарқатып, қағаз бетіне түсіруден жалықпай еңбек етіп келеді. Халық тарихы қасиетті құндылықтарының өміршеңдігімен бағаланатынын барынша көрсетті. Себебі әлемге танылған қазақ ұлтын

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТИП ӘСКЕРИ МІНДЕТІҢІЗДІ АТҚАРЫП, ТЕГІН БІЛІМ АЛЫҢЫЗ!

Жыл сайын 35 мыңнан астам қазақстандық мерзімді әскери қызметке шақырылады. Қорғаныс министрлігі еліміз бойынша 70-тен астам жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық бағдарламасының арқасында әскери қызметшілер жоғары білімді тегін алуға мүмкіндік алатынын атап өтті.

2025 жылдың наурыз – маусым және қыркүйек – желтоқсанда мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 13 ақпандағы №782 Жарлығы және Талдықорған қаласы әкімінің 2025 жылғы 26 ақпанындағы №155 Қаулысы негізінде «2025 жылдың наурыз – маусымында және қыркүйек – желтоқсанда 1999-2007 жылы туған азаматтарды күзгі әскери қызметке шақыру науқаны ағымдағы жылдың 3 наурыз айынан басталып жүргізіледі.

«Әскердегі қызмет – әрбір азаматтың қасиетті борышы және міндеті!» Біздің елімізді қорғау әрбір азаматтың қасиетті борышы және конституциялық міндеті болып табылатынын (Конституцияның 36-



бабы) халыққа жеткіземіз.

Әскери міндетті орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді ішкі істер органдары жүзеге асырады (Заңның 17-б. 3-т.). Бұл ретте, әскери қызметтен жалтару Қылмыстық кодекстің 387-бабы бойынша қылмыстық жауапқа әкеп соғады, онда 1000 АЕК-ке дейінгі айыппұлдан бастап 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға дейін жаза көзделген. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, азаматтарды саналы болуға, ал жұртшылықты жүргізіліп жатқан шақыру науқанына түсіністікпен қарауға шақырамыз.

ҚАУІПСІЗДІК

БАЛАНЫ ТЕРЕЗЕГЕ ЖАҚЫНДАТПАҢЫЗ!

Ата-аналар мен отбасы мүшелері балаларға қатысты қауіпсіздік шараларын сақтаңыздар. Абайсыздық немесе немқұрайлылық қайтымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Осындай оқиғалардың көпшілігі ересектер болмаған кезде немесе баланың қауіпсіздігіне немқұрайлы қарау нәтижесінде болады. Сондықтан да сақ болған жөн.

Төмендегі ұсыныстар мұндай жағдайлардың алдын алуға көмектеседі:

- үйде ешқашан терезелерді ашық қалдырмаңыз;
- ешқашан москит торларына сенбеңіз;
- бала терезені өздігінен аша алмайтынды етіп, арнайы терезелерге арналған шектегіш орнатыңыз;
- егер сіз балаға терезеден бірдеңе

көрсетсеңіз, оны әрдайым мықтап бекітіңіз, баланың кенеттен қозғалысына дайын болыңыз, оның киімінен ұстамаңыз;

■ барлық жиһаздарды терезелерден алыс қойыңыз, бұл баланың кездейсоқ терезеге шығуына жол бермейді.

А.НҰРТАЕВ,

Талдықорған қаласы, ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау капитаны

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті салық төлеушілер!

2025 жылдың 01 сәуірінде, 2024 жылға жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салықты төлеу мерзімі аяқталатындығын естеріңізге саламыз.
Салықты үйден шықпай-ақ «E-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы арқылы төлеуге болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые налогоплательщики!

Напоминаем, что 1 апреля 2025 года истекает срок уплаты налога на транспортные средства с физических лиц за 2024 год.
Оплатить налог можно, не выходя из дома через мобильное приложение «E - Salyq Azamat».

АППАРАТ АКИМА ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН ИНФОРМИРУЕТ НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ О СДАЧЕ СВЕДЕНИЙ В БАЗУ ДАННЫХ НПО

Аппарат акима города Талдықорған информирует об очередном отчетном периоде предоставления сведений в Базу данных НПО.
Срок предоставления организациями сведений о своей деятельности в текущем году истекает 31 марта 2025 года.

В связи с этим, неправительственным организациям в форме частного учреждения, общественного объединения (за исключением общественных объединений, созданных в виде политических партий, религиозных объединений и профессиональных союзов), некоммерческого акционерного общества (за исключением некоммерческих акционерных обществ, учредителем или ак-

ционером которых является государство), общественного, корпоративного и частного фондов, объединения юридических лиц в форме ассоциации (союза), а также филиалом и представительством иностранных и международных некоммерческих организаций, осуществляющих деятельность на территории Республики Казахстан, рекомендуется своевременно заполнить электронную форму отчетности на веб-портале infoopro.gov.kz.

За несвоевременное представление или не предоставление сведений в Базу данных НПО предусмотрена ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

ТЕЛЕФОН ДЛЯ СПРАВОК:
ГУ «Отдел внутренней политики города Талдықорған», 24-73-31.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



**ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ**

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №270 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.